

БҰҰ-ның жаңа аймақтық баяндамасы пандемия кезіндегі теңсіздік пен осалдықтың өсуіне байланысты дабыл қағады



Фото: Unsplash/Oziel Gomez

Ең артта қалғандарды қамту қажеттілігі аса өткір болып отыр, делінген бүгін БҰҰ-ның Азия мен Тынық мұхитқа арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясы (АТМЭӘК) жариялаған *Азия-Тынық мұхит аймағында ТДМ-ға қол жеткізу барысы туралы 2022 жылғы баяндамада*.

Баяндамаға сәйкес, **аймақтағы прогрестің орташа қарқыны белгілі бір демографиялық және әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары бар халықтың кейбір топтары арасында теңсіздіктің пропорционалды емес дәрежеде өсуіне алып келеді**. Ең артта қалғандар, соның ішінде әйелдер, мүмкіндіктері шектеулі адамдар, ауыл тұрғындары мен жағдайы нашар үй шаруашылықтары барған сайын осал жағдайға душар болып отыр. Пандемия кезінде халықтың көптеген осал топтары азық-түлік қауіпсіздігінің, білім беру сапасының және өмір сүру деңгейінің нашарлауына күә болды.

«Халықтың жекелеген топтары үшін даму нәтижелерін және бірімен-бірі қиысқан осалдық факторларының әсерін жақсырақ түсіну неғұрлым әділетті қалпына келтіруді қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Көпшілігі пандемиядан аса қатты зардап шеккен халықтың осал топтарын қорғамастан Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу мүмкін емес», – деді БҰҰ Бас хатшысының орынбасары және АТМЭӘК Атқарушы хатшысы Армида Салсия Алишахбана ханым.

Соңғы жылдары аймақтағы ТДМ-ға қол жеткізу жолындағы қиындықтар антропогендік дағдарыстар мен табиғи апаттардың жиілеуіне және күшеюіне байланысты, сондай-ақ COVID-19 пандемиясына жауап беру проблемаларына байланысты одан әрі күшейе түсті. 17 ТДМ-ға қол

жеткізудегі ілгерілеу өте қатты баяулап, аймақта осы Мақсаттарға қол жеткізу жыл сайын шегіндіріліп барады. Қазіргі қарқынмен Азия-Тынық мұхит аймағы ТДМ-ға 2065 жылға қарай ғана, яғни бастапқыда белгіленген мерзімнен отыз бес жылдан аса уақыт өткен соң қол жеткізе алатын көрінеді.

Азия-Тынық мұхит аймағының бір де бір субаймағында бір де бір адам мен бір де бір елдің ұмытылмауын қамтамасыз ету үшін аймақта ынтымақтастық пен әріптестіктің өткір қажеттілігі туып отыр. Климаттық дағдарыстың шиеленіскен тұсында Солтүстік және Орталық Азия субаймағында жауапты тұтыну мен өндіру (12-мақсат), климаттың өзгеруімен күрес (13-мақсат) және теңіз экожүйелерін сақтау (14-мақсат) салаларында шегіністің байқалуы алаңдаушылық туғызады. Жақсы денсаулық пен амандықты (3-мақсат), индустрияландыру, инновациялар мен инфрақұрылымды (9-мақсат), сондай-ақ бейбітшілік, сот төрелігі мен тиімді институттарды (16-мақсат) қамтамасыз етуге қатысты кейбір міндеттерді орындаудағы жетістіктерге қарамастан, **Солтүстік және Орталық Азия мақсаттардың барлығы бойынша белгіленген мерзімдерден әлі де артта қалып отыр.**

Алайда, осы алаңдатарлық үдерістермен қатар баяндамада аймақ үшін жақсы жаңалықтар да айтылған. 2017 жылдан бергі кезеңде **деректері бар ТДМ көрсеткіштерінің саны екі есе өсті.** Деректерді сақтаушы ұлттық және халықаралық мекемелер арасындағы ынтымақтастық деректердің қолжетімділігін арттыруға елеулі түрде ықпал етті. Дегенмен, ТДМ-ға қатысты 169 міндеттің 57-сі әлі де өлшене алмай отырғандықтан, баяндама елдерді сақталып отырған ақтаңдақтарды жою үшін осы ынтымақтастықты нығайта түсуге шақырады.

Басқа он БҰҰ агенттігімен әріптестікте жарияланатын АТМЭӘК-тің жыл сайынғы жетекші жарияланамы болып табылатын және 2022 жылы «Covid-19 пандемиясына байланысты теңсіздіктің күшеюі» деген атаумен жарық көрген *Азия-Тынық мұхит аймағында ТДМ-ға қол жеткізу барысы туралы баяндамада* жаһандық ТДМ көрсеткіштері бойынша соңғы деректер пайдаланылып, осы аймақта қосымша күш-жігерді талап ететін салалар мен болашақ прогресс үшін қолайлы жағдайлар туып жатқан салаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Баяндаманың толық мәтінін келесі сілтеме бойынша алуға болады (ағылшын тілінде):
<https://www.unescap.org/kp/2022/asia-and-pacific-sdg-progress-report-2022>

БАҚ мәселелері немесе сұхбат алу бойынша хабарласыңыз:

Кавита Суканандан ханым, қоғамдық ақпарат мәселелері жөніндегі қызметкер

Коммуникация және білімді басқару мәселелері жөніндегі бөлім, АТМЭӘК

Е: escap-scas@un.org

